

«БЕКІТІЛДІ»
 ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
 орталығы» РМҚК директоры
 Р. Емелбаев
 «___» _____ 202_ ж.



Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Өнер тарихы» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В023 – Режиссура, арт-менеджмент

В024 – Өнертану

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Ежелгі әлем өнері. Алғашқы қауым өнері	01	Палеолит, мезолит, неолит кезеңдері	1. Дәуірлер кезеңдерін білу. 2. Палеолит, мезолит, неолит кезеңдерін ажырату.
		02	Ежелгі Мысыр өнері	1. Мысыр өнерін кезеңдерге бөлу. 2. Пирамида жүйелерін оқып үйрену.
02	Антика өнері (Грекия, Ежелгі Рим). Батыс Еуропа өнері (романға дейінгі, роман, готика)	03	Ежелгі Грекия өнері	1. Грекия өнері кезеңдерінің ерекшеліктері жайында оқып үйрену. 2. Грек өнері және мифологиясы жөнінде сараптай білу.
		04	Ежелгі Рим өнері	1. Рим өнері кезеңдері бөлімдерін меңгеру. 2. Рим империясы өнерін ажырата білу.
		05	Ортағасыр өнері	1. Ортағасырлардағы Батыс Еуропа өнері қасиеттерімен танысу 2. Роман және Готика кезеңдері бөлімін зерттеу.

03	Батыс Еуропа өнері (стильдер және бағыттар: Қайта Өрлеу, Барокко, Рококо, Классицизм, Импрессионизм)	06	Қайта Өрлеу дәуірі	1. Қайта Өрлеу суретшілерінің ерекшеліктерін зерттеу. 2. Қайта Өрлеу алыптары жұмыстарымен танысу. 3. Қайта Өрлеу суретшілерінің картиналарын талдау.
		07	Барокко және классицизм кезеңінің өнері	1. Барокко және классика кезеңдеріне талдау жасау.
		08	XIX ғ. Батыс Еуропа өнері	1. Батыс Еуропа өнері кезеңдерге бөлінуін зерттеу. 2. Импрессионизм өкілдерімен танысу.
04	Модерн, постмодернизм, Батыс Еуропа өнеріндегі жаңа ағымдар	09	XX ғ. Батыс Еуропа өнері	1. Модерн және постмодернизм мақсатын зерттеу.
		10	Батыс Еуропа кескіндеме өкілдері	1. Батыс Еуропадағы жаңа ағымдармен танысу.
		11	Кубизм, футуризм, сюрреализм және т.б. ағым өкілдері	1. Кубизм, футуризм, сюрреализм ағым өкілдерінің жұмыстарымен танысу.
05	Орыс өнері	12	Ежелгі орыс өнері	1. Орыс өнерін кезеңдерге бөлу.
		13	XVII-XVIII ғғ. Орыс өнері	1. XVII-XVIII ғғ. Орыс өнерін жүйелі зерттеу.
		14	XIX – XX ғғ. Ресей өнері	1. XIX – XX ғасырдағы Ресей өнерімен танысу.
06	Қазақстан өнері	15	Ежелгі Қазақстан өнері	1. Ежелгі Қазақстан өнерін зерттеу.
		16	Ортағасырдағы Қазақстан өнері	1. Ортағасырдағы Қазақстан өнерімен танысу.
		17	Қазақ халқының дәстүрлі қолданбалы өнерінің қалыптасуы және дамуы	Қазақстанның қолөнері түрлерімен танысу.
		18	Заманауи Қазақстан бейнелеу өнері	1. Заманауи Қазақстанның бейнелеу өнеріне зерттеу жасау 2. Заманауи Қазақстан суретшілері шығармаларын талдау.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Өнер тарихы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:
- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;

- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген такырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Искусство. Болатбаев К., Алматы, 2006
2. Өнер тарихы. Төлебиев. Ә. Т., Әлмұханбетов Б.А., Астана, 2009
3. Әлемдік өнертану Бейнелеу өнері Алматы, 2008
4. История искусств Казахстана Галимжанова А.С. и др. А, 2006
5. Архитектура Казахстана Маргулан А, Мендикулов М. Басенов Т. А, 1959
6. Живопись Казахстана 1980-90гг Юсупова А. Астана 2009
7. Пейзажное живопись Казахстана Батурина О. , Алматы 2009
8. XX- ғасырдың екінші жартысы -XXI ғасырдың басындағы қазақ кескіндемесінің тұжырымдамалық негіздері Алматы.: Нұр-Принт, 2019.



«КЕЛІСІДІ»
Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы

(қолы)

(Т.А.Ә)

2022 ж.

Құрманғалиев

Ә

А

Құрманғалиев